

«Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК
2023 жылғы 01 маусымнан 2023 жылғы 26 қазанға дейінгі кезеңде
мемлекеттік қызмет көрсету қызметі бойынша есеп

«Атбасар қаласы аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК 8 мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау», – 258 қызмет көрсетілді.
2. «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға жатақхана беру», - 30 қызмет көрсетілді.
3. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру», - 7 қызмет көрсетілді (ауыстыру - 5, қалпына келтіру -2).
4. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтамалар беру» -2 қызмет.
5. «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» - 9 қызмет көрсетілді.
6. «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру», - 1 қызмет көрсетілді.
7. «Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы тұлғаларға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру» - 11 қызмет көрсетілді.
8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға тенестірілген тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (растауға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» - «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ көрсетеді.

Барлығы 318 мемлекеттік қызмет көрсетілді, барлығы тегін негізде; қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны - 51, электронды үкімет порталы арқылы – 9 (телнұсқаларды беру) және 9 сынып негізінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау, **college.snation.kz** платформасы арқылы– 258 .

Сұранысқа ең ие мемлекеттік қызметтер – «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» және

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға жатақхана беру».

Мемлекеттік қызметтер қолжетімді болу мақсатында, мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат «Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледжі» МКҚК <http://pt0001.atbasar.aqmoedu.kz/> ресми сайтында орналасқан, қызмет алушыларға қажетті барлық ақпарат ұйымның бірінші қабатындағы стендіде орналасқан, сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Қоғамдық талқылау үшін мемлекеттік қызметтер көрсету қызметі туралы есептер «Атбасар қаласының аграрлық-индустриялық колледжі» МКҚК ресми сайтында орналастырылады, онда әрбір қызмет алушы есеппен танысып, пікір қалдыра алады.

2023 жылдың 5 айында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша 2 түсіндіру іс-шаралары өткізілді, оның ішінде: мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы бойынша семинар-мәжілістер – 1, газеттер мен басқа басылымдарда - 1.

Оңтайландыру және автоматтандыру үшін колледжде қызметкерлер мен студенттер, және қала тұрғындары үшін оқу ғимаратының бірінші қабатында электронды мемлекеттік қызметтерді алу үшін «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» қолжетімді.

2023 жылғы қаңтардан бергі кезеңде мемлекеттік қызметтерді беру туралы шағымдар түскен жоқ.

Ұжыммен және жауапты қызметкермен қолданыстағы заңнама нормативтері мен мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелері туралы тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Басшы:

Лукин В.В.